

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

1. Кашкин Ю.С. Основы права Европейского Союза. Схемы и комментарии. – М.: Юрайт, 2011, 160 с.
2. Кашкин С. Ю., Калининченко П.А., Чергинец Е.А., Четвериков А.О. Хартия Европейского Союза об основных правах. Комментарий. – М.: 2002, 137 с.
3. Кашкин Ю.С. Право Европейского Союза. - М.: Юрайт, 2011, 1119 с.
4. Кашкин С. Ю., Калининченко П.А., Четвериков А.О. Введение в право Европейского Союза. Учебник. 3-е издание, перераб. и доп. – М.: Эксмо, 2010, 320 с.
5. Маклаков В.В. Права человека и гражданина в Европейском Союзе. – М: Интион Ран, 2006, 124 с.

УДК 343.62

ЖАҢА ТУҒАН СӘБИІН АНАСЫНЫҢ ӨЛТІРУІ ҚЫЛМЫСЫН САРАЛАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдебиетова Ақбота Әдебиетқызы

111_qqq_12@mail.ru

1 курс магистранты Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

Ғылыми жетекші-М.Б.Мұратханова

Жаңа туған сәбиді анасының өлтіруі ҚР ҚК 100-бабына сәйкес, анасының өзінің жаңа туған баласын босану кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын күйзелтетін ахуал болған жағдайларда немесе есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында өлтіруі- төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасының ҚК-де заң шығарушы анасының өзінің жаңа туған сәбиін туып жатқан кезінде, сол сияқты одан кейінгі кезеңде психикасын бұзатын жағдайда немесе есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасы бұзылу жағдайында өлтіруін өзінше бапқа бөлектеуді қажет деп санады. Адам өлтірудің бұл түрі бұрын жай адам өлтіру ретінде (жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларсыз) сараланып келді.

Психология тұрғысынан қарастыратын болсақ, жан күйзелісі – адамның бойында кездесетін эмоционалды үрдіс. Жан күйзелісі кенеттен пайда болады, бұл оның физиологиялық ерекшелігі. Психологияда жан күйзелісінің бірнеше түрі кездеседі. Олар: ашу, қорқыныш, қаһар, үрей, өшпенділік, үмітсіздік. Олар аса қауіптіліктен туындайды. Қауіптілік дәрежесі жасанды түрде асырылуы мүмкін. Бірақ ол жан күйзелісінің мазмұнын өзгертпейді. Кісі өлтіру ісі бойынша физиологиялық жан күйзелісінің бар жоғын сот – психологиялық сараптаманың қорытындысы және іс бойынша өзге де мәліметтер анықтайды.

Нәресте өлтіру қылмысы да көптен бері көпшіліктің назарын аударып жүрген мәселелерінің бірі. Әдетте өзінің жаңа туған нәрестесін өлтірген әйел ерекше психикалық жағдайда болады. Бұл қылмыс көбінесе отбасы мен тұрғылықты мекен-жайы жоқ, материалдық жағдайы төмен жас әйелдермен жасалынады. Алайда, жоғарыда аталған себеппен шектеліп қалуға болмайды, себебі қазіргі кезде жыныстық қатынастың орынсыз босаңсып кетуі барлығымызға мәлім. Осының нәтижесі қалада болсын, ауылда болсын некесіз жүкті болу санының едәуір артуына әкеліп соғады. Қалада аборт жасау мүмкіндігі артық болғандықтан, қалалық әйелдер абортқа жүгіну арқылы өз проблемаларын шешеді [1].

Ал, аборт жасауға мүмкіндігі жоқ әйелдер нәрестесін өз қолымен өлтіруден басқа амалдары болмайды. Сондықтан, біз баласын өлтірген әйелдерді қатаң түрде жазалауға емес, керісінше, осы қылмыстық әрекеттің ниетін, барлық мән-жайын анықтау үшін қылмысты терең түрде талдап, әйелдерге психологиялық-психиатриялық сараптама арқылы зерттеу жүргізу керек деп санаймыз.

Бұл қылмыстық әрекеттің қоғамға қауіптілігі сол - адамға туғаннан берілетін, оның өмірге деген шексіз құқығы бұзылады. Адам өлтірудің бұл түрінің ерекшелігі сонда - заң оны жеңілдететін мән-жайлар бола алатын кейбір объективтік және субъективтік факторлармен байланыстырады.

Жүктілік (көбіне қажетсіз) және физиологиялық туу әйел психикасына теріс әсер етуі мүмкін. Босанған әйелдің бұл қылмыстық әрекетті жасаған кездегі патологиялық жағдайы оны жеңілдететін мән-жайлар ретінде қарауға негіз болады. Қылмыстың объективтік жағы адам өмірінің негізі болып табылады. Жәбірленуші бұл жерде - жаңа туған сәби, сот медицинасында ол физиологиялық туудан бастап адам санатына кіреді.

Қылмыстың объективтік жағы жаңа туған сәбиді өлтіру сияқты заңға қайшы әрекетпен сипатталады. Бұл қылмыс белсенді әрекетпен де, әрекетсіздікпен де жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, баланы алғашқы тамақтандырмау. Егер анасы сәбиін туып жатқан кезде немесе босануға байланысты немесе басқадай себептермен (әке баладан бас тартуы, баланың некесіз тууы, тұрмыс нашарлығы, баспананың жоқтығы, т.б.) психикасының бұзылуы ықтимал алғашқы бір тәулік ішінде, патологиялық жағдайда өлтірсе, бұл жеңілдететін мән-жай болуы мүмкін. Баланы анадан бөлініп шығып өзінше өмір сүре бастағанда өлтіру де және оны ана құрсағынан шықпай жатып (бала сыртқа шыққанша оның басынан ұру арқылы) өлтіру де бала өлтіргендік болып табылады. Егер өлі балаға өмірге қауіпті соққы берсе, онда бұл жарамсыз объектіге оқталғандық деп саналады. Бұл әрекет ҚК 24-бабына сілтеме жасалынып, 100-ші бап бойынша сараланады.

Сонымен, әйел психикасындағы күйзелісті жағдай баланы босана бастаған кезден баланы туғаннан кейінгі бір тәулік аралығында болады. 101-бап бойынша, кенет пайда болған жан күйзелісі (аффекті) жағдайында адам өлтіргенге үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе алты айға дейінгі мерзімге қамауға немесе үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ал баласын қоқыс жәшігіне тастай салатын аналарға қатысты Қылмыстық кодекстің 119-ыншы бабы қолданылады. Яғни, өз-өзін күтуге дәрмені жоқ адамдарды, мысалы сәбилерді, қарттарды, науқастарға көмек көрсетуге мүмкіндігі бар және міндетті болып табылатын адам оларды көпе-көрнеу көмексіз қалдырған болса, ол адамға айыппұл салынады, немесе қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға алынады.

Ал көмексіз қалған адам, мысалы, қоқысқа лақтырылған бала қайтыс болса, оны лақтырып тастаған анасына не айыппұл салынады, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылады. Міне, осындай қылмыс жасағандарға қатысты жаза осындай. Менің пікірімше, қазір қылмыстық кодекс ізгіленіп кетті.

Дұрыс саралау үшін осы баптың бастапқы мағынасын жасанды түсік жасау қылмысты шектейді. Осы шамада С. Бородин жаңа туған сәбидің өмірін қию туралы сөз қозғады. Ойын жалғастыра отырып, автор бала өлтірудің тек осы түрі емес, яғни басқа да көрсетілімдері туған кезде, туғаннан кейін жасалатын қылмысты атады. Осыған байланысты мына сұрақ туындайды: бала өлтіру жас сәбидің алғашқы тынысын немесе туғанға дейінгі өмірін қию мүмкін бе? Әдебиеттерде әр түрлі көзқарастар айтылған. М. Д. Шаргородский адам өмірінің басы - оның кіндігін кескен сәтте және алғашқы тынысымен байланысатынын көрсетті [2].

Егер баланың туылған кезінде әдейілеп өмірін қиюы, бала шешесінен тысқары айырылғанда, кісі өлтіру түрінде анықталатынын жазды. Неғұрлым анық және дәлелді түрімен А.А. Жижиленко мен А.А. Пионтковский шұғылданды [3]. Егер туу басталмай тұрып, ұрық өлі түрінде болса, ол өлтіру емес, ол туу басталып, әсіресе, жаса сәбидің бөлшегі сыртқа шықса, оны адамның тууы деп есептеп, болған өлтіруді жазалау керектігін бірінші атап кетті.

А.А. Пионтковский былай тұжырымдады: баланы анадан бөлініп шығып өзінше өмір сүре бастағанда өлтіру және оны ана құрсағынан шықпай жатып (жаңа туған кезде, оның

тыныс алған кезінде басынан өлтіре ұруы) өлтіру бала өлтіргендік деп танылады. Бірақ соңғы кездерде басқа да дәйектеу деп айтылуда[4].

А.Н.Красиков Денсаулық сақтау министрлігінің құжаттарына сүйене отырып, ертедегі көзқарастар, соның ішінде біздің жұмысымызды ескіргенін ескертті [5]. Бірақ ұрықтың тірі туу туралы мәселесінде дүниеге туған немесе ұрлықтың тірі туып өлтірілгенін қажеттілікке есептегенде, осы жөніндегі мәселенің мазмұнын ауыстыра отырып, өз ұсынысының жеткіліксіздігін айтады.

Соңғы есепте С. Бородин өзінше өмір сүре бастаған, өмірге жаңа келген жас сәбидің өмірін қию - кісі өлтіру болып есептеледі деген пікір айтты. Біріншіден, А.Н. Красиковтың Денсаулық сақтау министрлігінің нұсқауы және бұйрығынан ұстанымында келтірілген тікелей мәселені қарастырғанда ештеңе айтылмайды. Екіншіден, Денсаулық сақтау Министрлігінің ұстанымында дәрігерлік қылмыстық құқық және қылмыстық заң жүргізу пәні болып танылатын мәселенің шешімін қарастыратын емес, денсаулыққа зиян келтіру себебі туралы сөз болғанда ғана заңның кейбір мәселелерін шешуде қолданылады.

А.Н.Красиков өз көзқарасын дәлелдеу үшін Н.С.Таганцевтің адам өмірін қию нақты кісі өлтіру объектісіне жүгінді. Алайда, бұл дәлел емес, осы жайды ешкім жарамсыз деп айтпайды, не тіршілік тынысында өлі туған немесе туатын, бірақ тыныс алмаған бала сөзсіз оның өміріне қатыгездік келтіреді. Бала босанарда өлтіру және жасанды түсікті түрінде шешілгенін көреміз. Мысалы, Үндістанның Қылмыстық кодексінде ана құрсағында тірі баланың өліп қалуы қылмыс болып саналмайды.

Бірақ тірі баланың өлуі, ана құрсағынан қандай да бір бөлшегі шығып, ең болмаса бала тыныс алмаса да, толық тумаса да оның өлімі кісі өлтіру болып қарастырылуы мүмкін. Орта ғасырлардағы Еуропада некесіз туған балаларды «шайтаннан» деп, отқа өртеген. Ресейде XIX ғасырда өз баласын өлтірген әйелдерге олардың отбасылық құқықтық статусына байланысты жаза тағайындаған – әйелдің отбасы бар болса, оны ауыр жазаға, отбасы жоқ, оң жақта отырып босанған адам болса, жеңіл жазаға тартқан, яғни күйеуге тимей сәби сүйген әйелдердің өз баласын өлтіруі отбасы бар әйелдердің осындай қылмысына қарағанда жеңілдеу болған екен.

Бірақ қазақ ешқашан қандай бала болса да оны өлтіруге жол бермеген. Тәуке ханның заманында мұндай безбүйрек аналарды өлім жазасына кескен. Жеті жарғыда: «Некесіз туған баласын ұяттан (қасақана) өлтірген әйел өлім жазасына кесіледі» делінген. Қазақтың аналары «О, құдайым, бала бер, бала берсең, сана бер, сана бермесең, шетінен сыпырып ала бер» деп кері кеткен баласын адамның емес, Алланың үкіміне тапсырған. Әрине, бұл – некесіз туған балалар көбейсін деген емес, керісінше, қыз баланың «болары болғанға» дейінгі тәрбиесіне мән беру қажет деген сөз. Ал бойға бала бітті екен, оны өлтіру арқылы арыңды тыныштандыра алмайсың. Бұл – басқа әңгіменің өзегі [6].

Жалпы, әйелдердің баласын өлтіруі кезіндегі психикалық жағдайына мән беру мәселесі тек XIX ғасырдың орта тұсынан басталған. 1845 жылы Ресей заңдарында әлемде тұңғыш рет жаңа туған баласының жанын алған әзірейіл аналардың психикалық жағдайын зерттеу, күдіктіге жаза тағайындау кезінде оның психикалық жағдайына байланысты жеңілдіктер жасау қарастырылған. 1988 жылдары Еуропаның көптеген елдерінде психикалық ауытқушылығы салдарынан баласын өлтіріп алған аналардың жазасын жеңілдеткен. Кісі өлтірудің субъективтік жағы тура немесе жанама пиғылдығы әдейі кінәсі болып сипатталады.

Анасының баласын өлтіргені жөніндегі қылмыстық оқиғаларды саралап қарасаңыз, «психикасының ауытқушылығы салдарынан...», «ішімдік ішіп отырғанда...», «некесіз бала туғандығынан...», «күйеуінен ажырасқан соң...», «жүктілік жоспарына кірмеген...» деген секілді себептерді ғана көруге болады. Ал оның не үшін ішімдікке салынғаны, не үшін ажырасқаны секілді түпкі мәселеге мән бермейміз. Ағаштың бұтағын кесіп, жапырағын кескеннен тамыры қиылмайтынын ұмытпауымыз керек.

Қазақ халқында әйел – бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербететін мейірімділіктің, ұрпақтың бойына жақсы қасиеттерді дарытатын ізгіліктің иесі. Алайда,

аналардың, қыз-келіншектердің осы сенімнен шығып, қылмысқа баруы жан ауыртады. Әйелдердің жасаған қылмыстарының көпшілігі қоғамдық-экономикалық сипаттағы зорлық-зомбылыққа жатпайтын қылмыстар болып келеді, яғни оларға алаяқтық, пара алу, сеніп тапсырған мүлікті иеленіп кету, экономикалық контрабанда, жезөкшелікпен айналысатын орындар ұйымдастыру, нашақорлық, адам өлтіру тағы да басқа қылмыстар жатады.

Әйелдердің қылмысқа бару жағдайлары көбіне тұрмыс зардабына байланысты болып келеді. Өйткені, күнделікті өмір көрсетіп отырғандай, кейбір еркектер отбасын бағу, асырау сияқты өздеріне тиесілі міндеттерін атқара алмауда. Осындай кезде әйел адамдар белін буып, отбасын асырау қамына кірісіп кетеді. Олар кей әрекеттерінің қылмыстық жауапкершілікке алып келетініне немқұрайлы қарайды. Мұндай жағдайда жасалған қылмыстарға көрінеу жалған дипломды пайдалану арқылы отбасылық-әлеуметтік жағдайларын жақсартуға ұмтылу деректерін айтуға болады [7].

Нәресте өлтіру қылмысы да көптен бері көпшіліктің назарын аударып жүрген мәселелерінің бірі. Әдетте өзінің жаңа туған нәрестесін өлтірген әйел ерекше психикалық жағдайында болған деп көрсетіледі.

Бірақ та жоғарыда аталып кеткен себеппен оқшалануға болмайды. Себебі қазіргі кезде жыныстық қатынастың орынсыз босаңсып кетуі барлығымызға мәлім. Осының нәтижесі қалада болсын, ауылда болсын некесіз жүкті болу санының едәуір артуына әкеліп соғады. Қалада аборт жасау мүмкіндігі артық болғандықтан, қалалық әйелдер абортқа жүгіну арқылы өздерінің проблемаларын оңай шешеді. Ал аборт жасауға мүмкіндігі жоқ әйелдер нәрестесін өз қолымен өлтіруден басқа амал – тәсілдерін таба алмайды.

Тәжірибе жүзінде аталған қылмысты саралау, оған баға беру көп жағдайларда дұрыс жүргізілмейді. Мысалға, егер де нәрестені туғаннан кейін анасы бірден өлтіретін болса, көп жағдайларда бұл жеңілдететін жағдайлардың бірі болып саналады. Ал әйел болса, дәлірек айтсақ, кейде өзінің босанар алдында бірнеше күн бұрын баласын өлтіруге дайындалатындығына әрдайым емес дұрыс баға берілуі тиіс. Соның нәтижесінде, «жаңа туған нәрестені басқалармен салыстырғанда, заң келе қорғайды деген тұжырым туындайды». Бірақ та айтылғанның барлығына сүйеніп, біз баласын өлтіретін әйелдерді қатаң түрде жазалауға шақырмаймыз, керісінше, осы әрекеттерінің ниеттері, барлық мән-жайларын анықтау үшін әрбір ұқсас қылмыстарды терең талдап, әйелдерге психологиялық-психиатриялық кешенді сараптама арқылы зерттеу жүргізу қажет деп санаймыз. Аталған қылмысты артықшылықты құрамға жатқызу негіздері мынаған байланысты. Ең алдымен, жүктіліктің (әсіресе қалауы болмаған) және физиологиялық бала туудың әйел психикасына аса қолайсыз ықпал ететінін естен шығармау керек. Жүкті әйелдерде жиі ипохондриялық идеялар, қызбалылық, мезі болатын көңіл-күй байқалады. Бала туу әйел организмі үшін айрықша апат және төңкеріс болып табылады, бұл ретте ол қатты физикалық және психикалық күйзелісті бастан кешіреді. Осы кезеңде бала туған әйел ерекше аурушаң психикалық-физикалық азап шегеді. Бала туған әйелдің аталған қылмысты жасау кезіндегі патологиялық (есі дұрыстықты алып тастамайтын) көңіл-күйі оны жеңілдетуші мән-жайларда жасалған кісі өлтіру ретінде қарауға негіз береді. Бұған жиі некесіз бала туғаны үшін айналадағы адамдардан арлану, материалдық қиындықтар және осы қиындықтармен, баланы тәрбиелеумен байланысты қорқыныш, ауыр тұрғын үй жағдайлары, баланың әкесінің қылмысқа айдап салуы, ата-аналарының және туыстарының қорқынышы және осыған ұқсас қолайсыз факторлар ретінде «жеке» жағдайлар қосылады. Олар, әрине, жауапкершілікті алып тастамайды, бірақ кінәлінің қауіптілігі аз екендігі туралы куәландырады [8].

Қазақстандық ғалымдар атап көрсетеді: әйелдер қылмысының аса зиянды нысаны жаңа туған баланы анасының өлтіруі болып табылады. Бұл мәселе екі жағдаймен қиындатылады. Біріншіден, жаңа туған баланы өлтіру; екіншіден, өлтіруді жиі кәмелетке толмаған аналардың жасауы.

Әйелдің бала туғаннан кейінгі психикалық бұзылуы, әдетте, оның психикалық қызметіндегі кері үрдістерімен сипатталады (жабығу, қорқыныш сезімі, маниакалдық көңіл-күй және басқалар). Әйелдің есі дұрыстығын немесе есі дұрыс еместігін көрсетілген

бұзылулармен байланысты белгілеу үшін психологиялық-психиатриялық сараптаманы өткізу қажет.

Қорыта айтсақ, қылмыстың субъектісі - жасы 16-ға толған, жаңа туған сәбидің анасы ғана бола алады. Басқа адамдар, егер олар мұндай адам өлтіруге қатысушылар болып табылса, ҚК 100-ші бабы бойынша жауапқа тартылады, себебі ананың жауапкершілігін жеңілдетуге негіз болатын мән-жайлар оларға таралмайды.

Жаңа туған баласын өлтірген аналар туралы ақпараттарды оқып отырсаңыз, мұндай қадамға барғандардың ішінде оң жақта отырып, аяғы ауырлаған әйелдердің баршылық екендігін байқайсыз. Болары болып, бояуы сіңгеннен кейін бойына «жоспарсыз» біткен өзінің жазықсыз сәбиді «адамның сөзінен», «ұяттан», «анасынан қорыққаннан» ана дүниеге аттандырып жатқан әйел күнәні күнәмен жуудан басқа шарасы жоқ деп есептейді. Бұл кез-келген жағдайда емес, кейбір жағдайда жүкті әйелдің түрлі себептермен психикасы бұзылады.

Мысалы, тұрмысқа шығайын деп жүрген жігіті қайтыс болады да, іштегі баласын туғысы келмейді, есі аздап ауытқиды. Бірақ айы-күні келген уақытта баланы бәрібір туады да, есі жартылай ауытқыған күйде өз баласын өлтіреді. Мұның жеңілдетілген себебі - қылмыс субъектісі өз әрекетінің қоғамға қауіптілігін ұғынады, бірақ толық емес. Белгілі бір уақыт өткен соң (бір апта, бір ай), өз баласын өлтірсе, ол жеңілдетілген кісі өлтіру емес, қарапайым кісі өлтіру деп есептелінеді. Себебі, ол кезде шешесі өз әрекетін толық ұғынады - психикасы қалпына келеді. Бұл қылмыс құрамының қарапайым кісі өлтіру құрамынан айырмашылығы - оның кейбір жеңілдетуші белгілердің артықтығы. Олар - есінің толық дұрыс еместігі және әйел адам екендігі. Ал жеңілдетілген кісі өлтірудің жазасы қарапайым кісі өлтіруден де төмен болады - қай-қайсысы болса да, үш жыл, бес жыл бас бостандығынан айырудан аспайды.

Қазіргі кезде жан күйзелісі жағдайында кісі өлтіру тақырыбының өзектілігі, Қазақстан Республикасында күрделі қылмыстылық жағдайы сақталып келуімен түсіндіріледі.

Қылмыс жасауға күші жеткен әйелдер жүктілік пен бала тууға байланысты барлық қиыншылықтарды ерлікпен көтереді: жүктілік белгілерін жасыру үшін әр түрлі тәсілдерді қолданады. Өзіндегі аналық инстинктіні жігерімен басып, эмоциялар мен сезімді ары тастап, қатыгездікпен балаларын өлтіруге баратын әйелдердің көп жағдайда психикасы мықты болып келеді. Кейде бұл адамдар қылмысқа қатыспай, әйелге тек қана психологиялық жағынан қысым келтіруі мүмкін. Ал кейде қылмысқа тікелей қатысып, баланың өлігін алыс жерлерге де тастауға көмектеседі. Ал, әйел адамның тікелей өзінің жүзеге асыратын қызметіне байланысты жасаған қылмыстар саны 14,5% -ын құраған[9].

Бұл әйел адамдар сауда, материалдық-техникалық қамсыздандыру, әртүрлі қызмет көрсету аясында жұмыс істеп жүріп және де қаржы несиелік, коммерциялық қызметпен байланысты қызмет орнында бола отырып талан-таражды, сонымен қоса басқа да қызмет бабына қатысты қылмыстарды жасап отырған. Осыдан келесі қорытындыға келуге болады: қызмет аясындағы әйел адамның қылмыстық мінез-құлқын қызмет бабындағы пайдакүнемдік мотивациясы анықтайды. Көп жағдайларда, әйел адамдардың жартысынан көбі қылмыс жасау кезінде зайыптылық жағдайында болған. Кейін бас бостандығынан айырылмағандардың жанұясы сақталып қалады, ал жазасын еңбекпен түзеу мекемелерінде өтеп жатқандардың жағдайлары қиындау болып келеді. Мысалға, ер адамдардың көбі, тіпті кейін де зайыбы сотталғаннан кейін, бірден басқа әйелге үйленіп, жанұя құруы сирек емес жағдай. Сондықтан да бас бостандығынан айыру жерлерінде болған кездегі жанұяның бұзылып, таралуы сотталған әйел адамның түзелуіне, қайта тәрбиеленуіне айтарлықтай кедергі жасайды. Өзінің жаңа туған нәрестесін өлтірген әйел адамдардың ішінде күйеуге тигендердің саны өте аз. Өйткені нәрестені өлтіру көбінесе жас әйел адамның алғашқы нәпсіқұмар қатынасының сәтсіздігімен байланысты. Сонымен қатар нәрестені өлтіргендігі үшін сотталғандардың көбінеде ата-анасының болмау фактісінде күмән жоқ, алайда ата-анасының ашуынан қорыққандығы да көп жағдайда олардың өз нәрестесін өлтіруіне әкеліп

соғады. Анасының өз баласын өлтіруі келесідей жүзеге асырылады. Қылмыстық жағдайдың пайда болу механизмі мен оның ары қарай дамуында негізінде бір-бірімен тығыз байланысты факторлар жатыр, олар: жыныстық қатынас, оның нәтижесі-қажетсіз жүктілік, аборт жасаудың мерзімін өткізіп алу және әйелдің санасында баланы қасақана өлтіруге байланысты басым түрде орныққан психологиялық көзқарастың қалыптасуы жатыр. Бір типтік жағдайды қарастырайық.

Біздің халқымыздың жыныстық қатынастар туралы, жүкті болып қалмас үшін қалай сақтану керектігіне байланысты сауатсыз болуы да үлкен проблема. Қазіргі жастар бұл туралы білімді отбасынан, кітаптан емес, шет елден контрабанды жолымен келген порно жолы т.б. фильмдер үйренеді. Қазақ отбасыларында ата-аналар көбінесе бұл проблеманы қозғамайды-ұялады. Бұл проблемадан ұялмай, қайта отбасында жыныстық қатынастар, оның нәтижелері туралы проблеманы қозғап, айту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Чокина М.В. Проблемы предупреждения убийства матерью новорожденного ребенка. Автореф., дисс., на соискание ученой степени канд., юрид. наук. Алматы. 2001. – 28с.
2. Алауханов Е.О. Криминологические проблемы предупреждения корыстно-насильственных преступлений. Алматы. 2002. – 187 с.
3. Шаргородский М.Д. Преступность, ее причины и условия в соц. обществе // Преступность предупреждение. Л. 1966. – 306 с.
4. Жижиленко А.А., Пионтковский А.А. Нормы об убийстве матерью новорожденного ребенка // Российский следователь, 2008. - №12. - С. 20-21.
5. Пионтковский А.А. Учение о преступлении. М., 1961. – 590 с.
6. Красиков Н.А. Галкин Д.В. Уголовно-правовая охрана жизни новорожденного ребенка // Российский следователь, 2014. - №19. - С. 28-31.
7. Таганцев Н.С. Русское уголовное право. – СПб., 1902. – 309с.
8. Джапарова М.Қ. Қазақстандағы әйелдер қылмыстылығы. Магистрлік дисс., Астана. 2009. – 94б.
9. Оташева К.Б. Нәрестені өлтірудің қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттамасы // «Қазақстантану-5» атты Хакім Абайдың 165 жылдығына арналған халықаралық ғылыми конференция материалдары 3 томдық. 3 том. Астана, «Тұран-Астана» университеті, 2010. – 168б. 237-245б

УДК 343,9

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕСУДІҢ КРИМНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Әшім Мөлдір

ASHIM_MOLDIR@MAIL.RU

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 2-курс студенті

Ғылыми жетекші-Мұратханова М.Б.

Қылмыстылықпен күреске, бәрінен бұрын, сол қылмыстардың жасалуына мүмкіндік тудыратын себептер мен жағдайларды жою арқылы кейбір адамдардың қылмыс жасау пиғылын іске асырмау жатады. Кезінде Цезаре Бекария: «Жазалағаннан қылмыстың алдын алған жөн» деген еді. «Құқық бұзушылықтың алдын алу» түсінігі негізінен, қылмыстылықпен күрестің криминологиялық теориясына сүйеніп қалыптасқан.

Г.А. Аванесовтың пікірінше, «қылмыстың алдын алу» түсінігі «қылмыстылықты жоюдың объективтік және субъективтік мүмкіндіктерінің тарихи қалыптасқан жүйесін, сондай-ақ осы құбылысты, оны туындататын себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жиынтығын» білдіреді.